



## Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімдік резервісінің қарожатын пайдаланудың Қағидасын бекіту туралы

### Күшін жойған

Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 26 қарашадағы N 14/6 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет басқармасында 2002 жылғы 23 желтоқсанда N 1037 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 26 маусымдағы N 25/11 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімдігінің 26.06.2014 N 25/11 қаулысымен.**

Р К А О е с к е р т п е с і .

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сакталған.**

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі "Бюджет жүйесі туралы" N 357-1 Қазақстан Республикасының Заны, 2001 жылдың 23 қантарындағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148-II Қазақстан Республикасының Заны, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қарожатын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы" N 1408 қаулысын іске асыру мақсатында және "Қарағанды облысы әкімияты резервінің қарожатын пайдаланудың Қағидасын бекіту туралы" N 07/03 2002 жылғы 2 тамыздағы Қарағанды облысы әкімдігінің қаулысы негізінде Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімдігі қаулы етеді:

1. Приозерск қаласының әкімдік резервісінің қарожатын пайдаланудың Қағидасы бекітілсін (1 қосымша).

2. Осы қаулы 2002 жылдың 1 қантарынан бастап қолданысқа енеді.

3. 2002 жылғы 22 қазандағы N 12/4 "Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімдік резервісінің қарожатын пайдаланудың Қағидасын бекіту туралы" Приозерск қаласы әкімдігінің қаулысының күші жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау әкім орынбасары Н.Н. Бікіровке жүктелсін.

*Қала әкімі*

*C. Медеубаев*

Қ а р а ғ а н д ы

П р и о з е р с к

2 0 0 2

N

1 қосымша

о б л ы с ы

ә к і м д і г і н ің

қ а р а ш а д а ф ы

қ а у л ы с ы н а

ж ы л ф ы

2 6

1 4 / 6

# **Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімдік резервісінің қаражатын пайдаланудың**

## **Қағидасы**

Осы қағида Қарағанды облысы Приозерск қала әкімдігінің резервісінің қаражатын бөлудің және пайдаланудың ретін белгілейді.

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы қағида мынадай ұғымдар пайдаланылады:

қала әкімдігінің резерві - тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетте көзделген және бір жолғы сипаттағы көлденең шығыстарды қаржыландыру үшін қалалық әкімдік қаулысы бойынша бөлінетін қаражат;

көлденең шығыстар - ағымдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджетті қалыптастыру кезінде күні бұрын жоспарлау мүмкін емес және ағымдағы қаржы жылында кейінге қалдырмай қаржыландыруды талап ететін шығыстар; қалалық бюджеттен қаржыландыратын қала әкімдігі мен атқарушы органдардың міндеттерін өтеу үшін қала әкімдік резервісінің құрамындағы көзделген және сот шешімдері бойынше, атқарушы органдардың міндеттерін өтеу үшін;

қала әкімдігінің резервісінің қаражатын алушы - жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі немесе қала әкімі.

2. Қала әкімдігінің резервісінің қаражаты есебінен қаржыландыратын бір жолғы сипаттағы көлденең шығыстарға келесі шаралар:

1) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жаю, бұған кіретіндер:

төтенше жағдайлардың пайда болу нәтижесінде зардап шекендерге материалдық көмек көрсету;

зардап шеккендер үшін уақытша тұруға және тамақтануға орындар дайындау жөнен ұстасу;

шұғыл қимыл жасайтын авариялық-құтқару және авариялық-қалпына келтіру бөлімшелерін техникалық құтқару құралдарымен, жабдықтарымен және жарактарымен қосымша жарактандыру;

төтенше жағдайлар аймағына күштер мен құралдардың тасымалдануын қамтамасыз ету;

2) сот шешімдері бойынша қала әкімдігінің жергілікті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы органдардың міндеттемелерін өтеу;

3) қала әкімдігінің қаулысымен айқындалатын өзге де күтілмеген шығыстар жатады.

## **2. Қала әкімдігінің резервісінің қаражатын бөлудің және пайдаланудың тәртібі**

3. Қала әкімдігінің резервісінен қаражат бөлуді, қала әкімдігінің қаулысы негізінде, зандармен белгіленген тәртіппен жүргізілетін қаржыландыруды ашу арқылы, тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттің шығыстарының құрамында осы мақсаттарға бекітілген мөлшерлер шегінде Қаржы бөлімі жүзеге асырады, онда алушы, бөлінетін қаражаттың көлемі мен оларды берудің шарттары мен қайтарудың мерзімдері көрсетіледі.

4. Қала әкімдігінің резервісінің қаражатының қатаң арнаулы мақсаты болады және осы Қағида мен қала әкімдік резервтен қаражат бөлу туралы қаулысында көзделмеген мұқтаждарға пайдалануға болмайды.

5. Қала әкімдігінің резервісінен қаражат бөлу туралы қала әкімдігінің қаулысын дайындаған кезде мынадай шарттар:

1) жергілікті бюджетте ағымдағы қаржы жылына арналған бөлінетін ақшаның болмауы ;

2) сот шешімдері бойынша қала әкімдігі мен атқарушы органдарының міндеттемелерін өтеу жағдайларын қоспағанда, қала әкімдігінің резервісі қаражатына қажеттілік ағымдағы қаржы жылында пайда болуы және олардың қажеттілігі алушының міндеттемелерімен байланысты болмауы ескеріледі.

6. Резервтен қаражат бөлу туралы қала әкімдігінің қаулысы, қала әкімдігінің тиісті қаулысы негізінде жыл аяқталғанға дейін күшін жояды.

## **3. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға қаражат бөлу**

7. Жергілікті ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою қала әкімдігінің резерв қаражаты есебінен қаржыландыруға тиісті .

8. Төтенше жағдайлардың салдарынан, оның ауқымы мен таралу аймағын жою үшін, қала әкімдігінің резервісінен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою бойынша шараларды қаржыландыру жергілікті атқарушы органдарда қаражаттар мен ресурстар жетіспеген жағдайда жүзеге асады .

9. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындағанда, резервтен қаражат бөлу туралы айқындалған тәртіппен берілетін негізделген материалдар мен олардың тізімдемелерін Қаржы бөлімі қарайды және табиғи

және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою қажет кезде Қаржы бөлімінің келісімі бойынша төтенше жағдайларды жоюға арналған қаражат мәжілісіне тапсырады.

#### **4. Сот шешімдері бойынша қала әкімдігі мен атқарушы органдарының міндеттемелерін өтеуге қаражат бөлу**

10. Сот шешімдері бойынша қала әкімдігінің, атқарушы органдарының міндеттемелерін өтеу, соттың атқарушы құжаттары болған жағдайда қала әкімдігінің қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі. Қолданыстағы зандардағы көзделген негіздемелер болған жағдайда сот шешімдері бойынша төлемдер жүргізуге міндетті жергілікті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы органдар аталған шешімдерге барлық сот сатыларында шағым беруге тиіс.

Атқарушы органдар шағым берілген сот келісімдерінің көшірмелерін жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне беруі тиіс.

Атқарушы органдар өздерінің заңсыз іс әрекеттері үшін оларға "Әкімшілік шығыстар" бағдарламасы бойынша бөлінген ақшамен жауап береді.

11. Қала әкімдігінің міндеттемелерін өтеуге қала әкімдігінің резервісінен қаражат бөлу туралы қала әкімдігі қаулысының жобасын белгіленген заңдылықтар тәртібімен Қаржы бөлімі дайындайды.

12. Атқарушы органдардың міндеттемелерін өтеуге қала әкімдігінің резервісінен қаражат бөлу туралы қала әкімдігінің қаулысының жобасын белгіленген заңдылықтар тәртібімен Қаржы бөлімімен келісіп дайындайды және қала әкімдігінің аппаратына тапсырады.

#### **5. Өзге де күтілмеген шығыстарға қаражат бөлу**

13. Қала әкімдігінің резервісінен өзге де күтілмеген шығыстарға қаражат бөлу үшін Қаржы бөліміне тиісті негіздемелерімен және есептеулерімен бірге қаражат бөлу туралы өтініш тапсырады.

14. Қаржы бөлімі берілген өтініштің негізінде әкімдігінің резервісінен қаражат бөлудің мүкіндігі, не болмаса мүмкін еместігі туралы қорытынды береді.

Қаржы жылышының ішінде қаражатты табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтілмеген шығыстарға тиімді бөлу мақсатында өтінішті қарастыру кезінде, қала әкімдігінің резервісінен өзге де күтілмеген шығыстарға бөлінетін қаражаттың сомасы, әрбір ағымдағы тоқсанда жергілікті бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтілмеген шығыстарға көзделген жылдық соманың 25%-тен аспауы тиіс. Бұл ретте қала әкімдігінің резервісінен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтілмеген шығыстарға

қаражат бөлу туралы қала әкімдігінің бұрын қабылдаған қаулылары есепке алынады.

15. Қалалық бюджеттік бағдарлама әкімшісінің өтініші бойынша оң қорытынды болған жағдайда қала әкімдігінің резервісінен өзге де қүтілмеген шығыстарға қаражат бөлу туралы қала әкімдігі қаулысының жобасын белгіленген зандылықтар тәртібімен Қаржы бөлімімен келісіп, осы қалалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі дайындайды.

16. Қала әкімдігінің өтініші бойынша оң қорытынды болған жағдайда қала әкімдігінің өзге де қүтілмеген шығыстарға қаражат бөлу туралы қала әкімдік қаулысының жобасын белгіленген зандылықтар тәртібімен қалалық Қаржы бөлімі дайындайды.

## **6. Бақылау және есептілік**

17. Қала әкімдігінің резервісінен бөлінген қаражатты алушылар Қаржы бөлімі белгіленген тәртіппен және уақытша олардың пайдаланылуы, орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы есеп беруі тиіс.

18. Қаржы бөлімі қала әкімдігінің резервісі қаражатын пайдалану және тиісті кезеңге оның қалдықтары туралы қала әкімдігіне ай сайын ақпарат тапсырады.

19. Қала әкімдігінің резервісінен бөлінетін қаражатты мақсатсыз пайдаланған үшін алушы Қазақстан Республикасының зандарында қарастырылған тәртіппен жауап береді.

20. Қала әкімдігінің резервісінен қаражатты мақсатқа пайдалануға бақылау жасауды Қаржы бөлімі жүзеге асырады.